

1. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030. Послание Президента страны народу Казахстан. – Алматы: Білім, 1998.-135с.
2. Республика Казахстан. Указ Президента от 17 мая 2003 г. №1096 «О стратегии индустриально – инновационного развития РК на 2003-2015 г.г.».
3. Назарбаев Н.А. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии. Послание Президента страны народу Казахстан. – Астана: Елорда, 2006.-48с.
4. Республика Казахстан. Закон от 10 июня 1996 г., с изменениями и дополнениями от 9 июля 2004 г. «Об авторском праве и смежных правах в РК» // Ведомости Парламента РК. – 1996. №8-9. – с.98-133.
5. Калятин В.О. Интеллектуальная собственность (Исключительные права). Учебник для вузов. – М.: Норма. – 2000. – 32.
6. Словарь русского языка. Т. IV. –с.344.
7. Гаврилов Э.П. Постатейный комментарий к Закону РФ "Об авторском праве и смежных правах". - М.: Фонд "Правовая культура", 1996 г.
8. Райгородский Н.А. Изобретательское и авторское право в системе гражданского права // Правоведение. - 1958. - № 1. - с. 54 - 60.
9. Информационное письмо Президиума Высшего Арбитражного Суда РФ от 28 сентября 1999 г. N 47 "Обзор практики рассмотрения споров, связанных с применением Закона Российской Федерации "Об авторском праве и смежных правах" // Вестник Высшего Арбитражного Суда Российской Федерации. - 1999 г. - №11.
10. Калятин В.О. Интеллектуальная собственность (Исключительные права). Учебник для вузов. – М.: Норма. – 2000. – с.33.
11. Информационное письмо Президиума Высшего Арбитражного Суда РФ от 28 сентября 1999 г. N 47 "Обзор практики рассмотрения споров, связанных с применением Закона Российской Федерации "Об авторском праве и смежных правах" // Вестник Высшего Арбитражного Суда Российской Федерации. - 1999 г. - №11.
12. См.например: Корецкий В.И. Авторские правоотношения в СССР. Сталинабад. – 1959. – с150; Попов В.А. О понятии и признаках объекта авторского права // Проблемы советского авторского права. – М.: 1979. – с.64.
13. Серебровский В.И. Вопросы советского авторского права. – М.: 1956. – с.32.
14. См.например: Чупова М. Авторские права на литературные произведения // Российская юстиция. – 1999. -№7.
15. Российская Федерация пока не является участницей данного международного договора.
16. См.например: Погуляев В.В. Формула как объект авторского права // Право и экономика. -№4. - апрель 2003 г.

Copyright law exists primarily to enable mankind to have wide access to all the achievements of intellectual creative activity, as well as to reward and protect those who have contributed to the emergence and proliferation of these achievements. Of copyright and related rights of copyright holders can not bring profit, and state taxes if they do not provide special legal protection from state authorities.

Авторлық құқық негізінен адамзатқа санаткерлік шығармашылық қызметінің барлық жетістіктеріне кең ауқымды қол жеткізу үшін рұқсат етуде өмір сүреді, сонымен бірге осы жетістіктердің пайда болуына және таралуына үлес қосатындарға сыйақы беру және қорғау үшін. Авторлық құқық объектілері және сабақтас құқықтар құқық иегерлеріне пайда, ал мемлекетке салықтар алып келмейді, егер оларды мемлекеттік органдар тарапынан арнайы құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілмесе.

Ж.С. Шукенова

ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Талап және онымен байланысты талапқа құқық ұғымдары азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында ең күрделі ұғымдардың бірі болып саналады. «Талап» рим құқығында белгілі болған «actio» терминінен шыққан, латын тіліндегі бұдан өзге атауы – «petitio». Орыс тілінде «иск» деген терминмен белгіленген. Азаматтық іс жүргізу құқығы бойынша әдебиеттерде талаптың түсінігіне қатысты әртүрлі көзқарастар айтылады және олар белгілі бір дәрежеде осы құқық саласындағы ғалымдардың әртүрлі топтарының ой - пікірлерін, ұстанымдарын білдіреді.

Талап қою құқығын қарастырғанда талаптың және талапқа құқықтың екі мағынадағы түсініктеріне сүйеніп, оған талапқа құқықтың процессуалдық мағынасы ретінде талдау жасаймыз. Талап қою құқығы талапқа құқықтың процессуалдық мағынасы ретінде субъективтік құқық немесе заңды мүддені қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын білдіреді. Бірақ бұл жерде талап қою құқығының сотқа жүгіну құқығы көрінетін жалғыз нысан емес екендігін айта кету керек. М.А. Гурвичтің айтуынша, мұндай нысандарға талап қою құқығына қоса талап бойынша жауап беру құқығы, басталған процеске қатысу құқығы, талантты қамтамасыз ету құқығы, шешімге шағым жасау құқығы, мәжбүрлеп орындату шараларына құқық жатады. Сотқа жүгіну құқығының барлық нысандары істің ілгерілеу үрдісіндегі оның даму және ашылу фазаларын білдіреді [1].

Әдебиеттерде талап қою құқығының заңдық табиғаты және оның пайда болуының шарттары туралы мәселеге байланысты әртүрлі пікірлер айтылады. Бір авторлар сотқа жүгіну құқығын субъективтік материалдық құқықты соттық немесе өзге заңи қызмет арқылы мәжбүрлеп жүзеге асыруға құқық ретінде қарастырады. Мысалы, Н.И. Авдеенко былай деп жазады: "Азаматтық субъективтік, оған қатысты мүмкіндіктер жүзеге аспайынша, болмайды. Субъективтік құқықтың мұндай түсінігінде ерекше, материалды құқықтардан бөлектенген құқық құруда қажеттілік

болмайды, бұқара көпшілік құқықтың құқық өкілеттігі мемлекетке құқығын қорғау мақсатында жүгіну түрінде болады, яғни іс жүргізу мағынасында – арыздану құқығы болып табылады" [2].

Басқа ғалымдар тобы сотқа жүгіну құқығын азаматтық процессуалдық құқық қабілеттілігін білдіреді деген көзқарасты ұстанады. Бірақ бұл ойды әр ғалым әртүрлі негіздейді. Мысалы, О.В. Иванов сотқа жүгіну құқығы тікелей процессуалдық құқық қабілеттіліктен туындайтыны, өйткені оның туындауы үшін қандай-да бір заңды фактінің пайда болуы қажет еместігі жөнінде ой айтады [3]. В.Н. Щегловтың ойынша, сотқа жүгіну құқығы азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілік болып табылады, ол нақты іс бойынша азаматтық процестің пайда болуына әкеледі [4]. К.И. Комиссаровтың пікірінше, сотқа жүгіну құқығының иесі ретінде кез-келген процессуалдық құқық қабілеті бар тұлға бола алады [5]. Сотқа жүгіну құқығын былайша түсіну революцияға дейінгі процессуалдық әдебиетте кең тараған болатын. Мысалы, Е.В. Васьяковский былай деп жазған: "Іс жүргізудегі құқық қабілеттілік – азаматтық құқық қабілеттіліктердің іс жүргізудегі көріністерінің бірі. Шын мәнінде, кімде-кім заңдық қатынастарға түсіп, құқықтарды иелену қабілеттілігі берілген болса, яғни оған өз құқығын құқық бұзушылықтан қорғау қажеттілігі жағдайында, сонымен қатар, сотқа шағымдану құқығы да берілуі тиіс, ондай болмаған жағдайда оның құқығының бағасы жоқ, еш шын мағынасы жоқ, сондай – ақ құқықтарының жүзеге асуы жазаланусыз заңды бұзатын өзге тұлғалардың еріктеріне тәуелді болар еді" [6].

Келесі ғалымдар тобы сотқа талаппен жүгіну құқығын белгілі бір заңи фактілердің негізінде пайда болатын, азаматтық іс жүргізу заңымен көзделген субъективтік азаматтық іс жүргізушілік құқық ретінде қарастырады. Мысалы Д.М. Чечоттың пікірінше, объективтік құқық барлық субъективтік құқықтардың базасы болып табылады, бірақ ол субъективтік құқықтарды тура және тікелей туғызбайды, тек субъектілерде олардың белгілі бір шарттар болған жағдайда ғана пайда болу мүмкіндігін туғызады. Кез-келген субъективтік құқықтың қалыптасу үрдісі міндетті түрде заңи факті сатысынан өтеді [7]. Сотқа жүгіну құқығының іс жүргізушілік құқық екендігіне Л.А. Ванеева келесідей дәйек келтіреді: "Сотқа шағымдану құқығы сот өндірісінде конституциялық құқықтың сот арқылы қорғалуын қамтамасыз ететіндіктен, іс жүргізу құқығы болып табылады, жүзеге асуы анықталған іс жүргізу құқығының нормаларымен бекітілген" [8]. Бірінші көзқарас бойынша, сотқа жүгіну құқығы материалдық құқықтың элементі болып табылады деу азаматтық процестің міндеттеріне қайшы келеді. Өйткені сот қана істің мән-жайларын зерттеу арқылы құқықтың бұзылғаны немесе бұзылмағаны туралы жауап айта алады. Талаппен сотқа жүгіну құқығы кез-келген тұлғада оның құқығының іс жүзінде бұзылғанына немесе бұзылмағанына қарамастан болады. Екінші пікірдің кемшілігін ғалымдар орынды атап көрсетеді. С.В. Курылевтың айтуынша, құқық қабілеттілік - бұл тұлғаның құқыққа ие болуын тану, бірақ ол өз бетімен ешқандай шынайы игілікті қамтамасыз етпейді, тек заңмен көзделген субъективтік құқықтар мен міндеттерге ие болуға мүмкіндік береді, яғни құқыққа ие болудың қажеттігі алғы шарты ретінде болады [9]. А.Н. Кожухарьдың ойынша, азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілік - бұл белгілі жағдайларда субъективтік азаматтық іс жүргізу құқықтарына, оның ішінде, нақты іс бойынша сотқа жүгіну құқығына ие болуға мүмкіндік қана [10]. А.А. Мельниковтің пікірінше, субъективтік азаматтық іс жүргізушілік құқық - өзінде бар мүмкіндік, жедел жүзеге асыруға дайын болу. Субъективтік азаматтық іс жүргізушілік құқыққа ие болу мүмкіндігі іс жүргізуге құқық қабілеттіліктің болуына байланысты, демек ол субъективтік азаматтық іс жүргізушілік құқықтың міндетті қажетті алғы шарттарының бірі болып табылады [11].

Жоғарыда айтылған сын-пікірлерге сүйеніп, үшінші пікірді қолдауға болады. Талап қою құқығының процессуалдық ұғым болып табылатыны бұл құқықтың болуының мүдделі тұлғада қорғалуға жататын субъективтік құқықтың немесе заңды мүдденің бар болуына тәуелді еместігінен де көрінеді. Әдебиетте талап қою құқығы мүдделі тұлғаның бірінші сатыдағы сотта белгілі бір нақты материалдық-құқықтық дау бойынша ісінің сотта қозғалуына және шешімін табу мақсатында қаралуына құқығы ретінде анықталады [12]. Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында талап қою құқығы туралы ілімнің даулы мәселесінің бірі - талап қоюға субъективтік құқықтың пайда болу сәтінің қалай анықталатыны жөнінде. Ғалымдар бұл мәселеге байланысты әртүрлі пікірлер білдіреді.

Бір авторлар талап қою құқығын оның жүзеге асырылуы иесіне толығымен байланысты болатын біржақты құқықтылық ретінде, яғни талап қоюшының өз әрекеттеріне құқық ретінде қарастырады. Әрқашан бір тұлғаның немесе тұлғалардың міндеті сәйкес келетін субъективтік құқыққа қарағанда, біржақты құқыққа ешкімнің міндеті сәйкес келмейді. Біржақты құқық сотқа жүгінген сәттен бастап субъективтік құқыққа айналады, сөйтіп оған судьяның істі қозғауға байланысты міндеті сәйкес келеді [13]. Бұл пікірдің ұтымсыз екенін келесі ғалымдар орынды атап көрсеткен. С.В. Курылев былай деп жазады: "Іс қозғалуы үшін жеке әрекеттер жасауға құқық иелену жеткілікті емес, өйткені іс қозғаудағы судьяның әрекеті – ол арыз беруге қатысты арызданушының әрекеттерінің заңдық рефлексі емес, ол – шағымдану құқығын жүзеге асыру әрекеті" [14]. Г.Л. Осокинаның айтуынша, егер

талап қоюға субъективтік құқықтың пайда болу сәтін мүдделі тұлғаның сотқа жүгіну және азаматтық істің қозғалу сәтіне сәйкестендірсек, онда талап арызды қабылдаудан бас тартудың сипаты мен салдарын түсіндіру және талап арызды қабылдаудан бас тартуға шағымдану мен наразылық келтіру институтын теориялық тұрғыдан негіздеу мүмкін емес болар еді. Сондай-ақ, егер талап қоюға субъективтік құқық азаматтық істің қозғалу сәтінен бастап пайда болады деп санасақ, онда іс бойынша іс жүргізуді қысқартуға болмайды, өйткені іс қозғалып, процесс басталғаннан кейін талап қоюшыда процеске құқық пайда болды. Бірақ іс сотта қозғалғаннан кейін мүдделі тұлға сотқа жүгінген және азаматтық іс қозғалған сәтте онда талап қоюға құқық мүлде болмағандықтан процесс құқыққа сай емес пайда болды деп танылып, қысқартылуы мүмкін. "Бір жақты құқықтың" субъективтік талап қою құқығына айналуы талап қоюшының сотқа қорғалу үшін жүгінуі фактісімен байланысты болғандықтан, мүдделі тұлғада талап қою құқығының болмауына орай іс бойынша іс жүргізуді қысқарту қисынсыз болар еді. Сондай-ақ, мына сұрақтар да жауапсыз қалады: неліктен бір жағдайда судья талап қоюшыны сол талаппен сотқа қайтадан жүгіну үмітінен айырып, ал тағы бір жағдайда мұндай үмітті қалдырып, талап арызды қабылдамайды? [15]

Екінші ғалымдар тобы (А.А. Мельников, С.В. Курьлев, М.А. Викут, Е.А. Крашенинников) субъективтік құқықтың пайда болуы мен оның іске асуын ажыратып қарастырады. Олар сотқа жүгінуге субъективтік құқықтың сот процесіне дейін, яғни азаматтық іс қозғалғанға дейін пайда болатынын және талап қою мен азаматтық істі қозғау арқылы іске асырылатынын, талап қоюға субъективтік құқықтың өзінің іске асырылу сәтіне дейін процессуалдық қатынастардан тыс өмір сүретінін көрсетеді [16]. Бұл пікірді қолдауға болады.

Қорыта айтқанда, талап қоюға субъективтік құқықтың пайда болуы белгілі бір мән-жайлармен байланысты. Олар заңның абстрактілі сипаттағы нұсқауларына сәйкес құқықтық қатынастың нақты белгілі субъектілерінің субъективтік құқықтары мен заңды мүдделері аясына енгізетін "тетік" ретінде болады. Субъективтік құқық бар жерде оған қарсы полюс ретінде заңды міндет те болады, сондықтан «субъективтік құқық әрқашан белгілі бір заңдық қатынас ауқымында өмір сүреді».

-
1. Гурвич М.А. Право на иск. - М.-Л.: АН СССР, 1949. - 216 с.
 2. Авдеенко Н.И. Иск и его виды в советском гражданском процессуальном праве: автореф.... канд. юрид. наук. - Л., 1951. - 21 с.
 3. Осокина Г.Л. Право на защиту в исковом судопроизводстве (право на иск) / Под ред. В.Н. Щеглова. - Томск: Томск, гос. ун-т, 1990. - 156 с.
 4. Мельников А. А. Правовое положение личности в советском гражданском процессе. - М.: Наука, 1969. - 247 с.
 5. Комиссаров К.И. Право на иск и прекращение производства по гражданскому делу (некоторые вопросы) // Уч. труды института /вердл.юрид. ин-т. - Вып. 9. - Свердловск, 1969. - С. 159-182.
 6. Иванов О.В. Право на судебную защиту // Советское государство и право. - 1970. - № 7. - С. 40-48.
 7. Щеглов В.Н. Гражданское процессуальное правоотношение. - М.: Юридическая литература, 1966. -168 с.
 8. Васильковский Е.Г. Учебник гражданского процесса / Е.В. Васильковский: МГУ им. М.В. Ломоносова, юрид. фак., каф. граждан, процесса, КубГУ, юрид. фак., каф. граждан, процесса и трудового права. (Классика российской процессуальной науки) - Краснодар, 2003. - 528 с.
 9. Чечот Д.М. Субъективное право и формы его защиты. - Л.: Изд. Ленингр. ун-та, 1968. -72с.
 10. Ванеева Л.А. Реализация конституционного права граждан СССР на судебную защиту в гражданском судопроизводстве. - Владивосток: Изд.-во Дальневост. ун-та, 1988. - 152 с.
 11. Курьлев С.В. Формы защиты и принудительного осуществления субъективных прав и право на иск. // Труды Иркутского гос. ун-та. - т. 22. Серия юридическая. - Вып. 3. -1957. - С. 159-215.
 12. Кожухарь А.Н. Право на судебную защиту в исковом производстве / Под ред. Е.Г. Мартыничка. - Кишинев: Штинца, 1989. - 140 с.
 13. Мельников А.А. Советский гражданский процессуальный закон. Вопросы теории гражданского процессуального права. - М.: Наука, 1973.
 14. Советское гражданское процессуальное право: Учебное пособие / Отв.ред. М.А. Гурвич. - М.: Высшая школа, 1964. - 536 с.
 15. Щеглов В.Н. Иск о судебной защите гражданского права: Лекция для студентов / Под ред. Г.Л.Осокиной. - Томск: Томск, гос.ун-т,1987.168 с.
 16. Осокина Г.Л. Право на защиту в исковом судопроизводстве (право на иск) Под. Ред. В.Н. Щеглова. Томск: Томск, гос. Ун-т, 1990. -156 с.

The resume In clause is considered, questions concerning the claim civil legal proceedings are given opinions of authors in this occasion. Attributes in civil process are defined

В статье рассматривается, вопросы относительно иска и права на иск гражданском судопроизводства даются мнения авторов по этому поводу. Определяются признаки в гражданском процессе.